

## **"Байбұлақ" бірлескен кәсіпорнымен алтын және полиметалл кен орындарын барлау және игеру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 10 қаңтар N 29. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.02.15. N 164-а Қаулысымен.

1994 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен LMI, S.A. Switzerland компаниясының арасындағы келісімге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 тамыздағы N 912 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында 1994-1996 жылдарда кәсіпкерлікті дамыту және қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шаралары мен тапсырмаларының жоспарына сәйкес /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 35, 385-бап/, халық шаруашылығының түсті және құнды металдарға сұранысын қамтамасыз ету, тау-кен-металлургия кешенінің шикізат базасын дамыту мақсатында, экономиканы жаңғырту қорының қаражатының жеткіліксіздігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Асиер" акционерлік қоғамы мен LMI, S.A., Switzerland /Indipendance S.A./ компаниясының құрылтайшылығымен құрылған "Байбұлақ" бірлескен кәсіпорнының Суэдаль, Мизек, Светинское, Думан-Шуақ, Гагаринское, Шатыркөл, Жайсаң, Родниковое, Шаймерден, Варваринское, Павловское, Самарское - алтын, күміс, және түсті метал кен орындарын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен LMI, S.A., Switzerland /Indipendance S.A./ компаниясының арасындағы келісім жағдайында оларды толық барлау, құрылысын жүргізу және пайдалану үшін шетел инвестицияларын тарту негізінде игеру туралы ұсынысы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Байбұлақ" бірлескен кәсіпорнына аталған кен орындарын толық барлауға, құрылысын жүргізуге және игеруге лицензиялар мен тау-кен бөліктерін беруді рәсімдесін.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, Семей, Жамбыл, Қостанай, Қарағанды облыстарының әкімдері екі ай мерзімде тиісті аумақтардағы кен орындарын дайындауға, құрылыс салуға және игеруге байланысты барлық қажетті рұқсаттарды /оның ішінде жер бөліп беру/, келісулер мен өзге де құжаттарды рәсімдейтін болсын.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда, Экономика министрліктері өндірген өнімді алып кетуге және бірлескен кәсіпорынның табысты жұмыс жүргізуіне қажетті технологиялар, жабдықтар мен басқа да тауарларды әкелуге құқық беретін квоталар мен лицензиялар берсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бірлескен кәсіпорынның жұмысы мен басқаруы үшін әкелінген жабдықтар мен басқа да тауарларды барлық кеден алымдары мен баж салықтарынан босатсын.

5. Аталған кен орындары жарияланған тендерден шығарылып тасталсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі